

2-БЛОК: Педагогика, оқыту әдістемесі

Бір дұрыс жауабы бар тапсырмалар

1. Тәрбиенің өмірмен, еңбекпен байланысы принципі қарастырады
 - A) білім мазмұнын игеру
 - B) барлық балалар мен жас жеткіншектердің өндірістік еңбекке қатысуының міндеттілігі
 - C) тәрбиешілер мен ата-аналардың әрекетінің кесімдігі
 - D) жағымсыз әрекеттермен, жалқаулықпен, босқа жүрушілікпен күрес
 - E) тәрбиенің әдіс, құрал және түрлерінің байланыстылығы

2. Дене тәрбиесінің мақсаты
 - A) саналы тәртіпті қалыптастыру
 - B) дене тәрбиесін қалыптастыру
 - C) жігіттер мен қыздардың мақсатталған мінез-құлқын қалыптастыру
 - D) эстетикалық мәдениетті қалыптастыру
 - E) дүниетанымды қалыптастыру

3. Адамның өзінде жеке тұлғаның жағымды сапаларын дамытуға бағытталған саналы іс-әрекет
 - A) өзін-өзі үйрету
 - B) алғашқы тәрбие
 - C) өзін-өзі тәрбиелеу
 - D) тәрбие
 - E) өзін-өзі өзгерту

4. Этикалық әңгіме
 - A) конкурстар
 - B) пікірталастар
 - C) дәрістер
 - D) үйрету
 - E) оқушылардың бойындағы белгілі қасиеттерді тәрбиелеу жоспарлы түрде өткізіледі

5. Нақты мен абстрактылы түсініктердің арасындағы дұрыс арақатынасты қажет ететін принцип
 - A) беріктік
 - B) ғылымилық
 - C) саналылық
 - D) көрнекілік
 - E) түсініктілік

6. Адамның дүниені тану процессін қалыптастыру арқылы жүйелі біліммен іс-әрекет тәсілдерін игеру, дағды, іскерлік, сезім және ақылын дамыту жеке тұлғаны қалыптастыру нәтижесі:

- A) тәрбие
- B) білім беру
- C) педагогикалық процесс
- D) оқыту
- E) үйрену

7. Оқытудың көрнекілік әдісі

- A) таблицалар, графиктер, диаграммалар құрастыру
- B) өзіндік бақылау, иллюстрация, демонстрация
- C) кітаппен жұмыс істеу
- D) әңгімелесу, нұсқау
- E) графикалық жұмыстар, лабораториялық жұмыстар, жаттығулар

8. Білім беру мазмұнын анықтаушы құжаттар:

- A) оқу жоспары, оқу бағдарламалары
- B) күнтізбелік жоспар, сабақтың жоспары
- C) әдістемелік нұсқаулар, оқу құралдары
- D) ҚР-ның конституциясы
- E) ҚР-ның «Білім туралы» заңы

9. Оқушылардың жетістіктерін талдау мына мақсатта жүзеге асырылады

- A) ағымдағы бақылау үшін
- B) бағалардың жинақталуы үшін
- C) оқушылардың әрекетін тиянақтау және оқу процесін басқару үшін
- D) оқытуды жекелендіру үшін
- E) мерзімді бақылау үшін

10. Мұғалім сабақты жоспарлауды

- A) әрбір жеке сабақтың тақырыптық жоспарға сәйкестігін нақтылаудан бастайды
- B) пәннің оқу бағдарламасымен, білім беру стандартымен танысудан бастайды
- C) балалардың мүмкіншіліктерін анықтаудан бастайды
- D) сабақта қолданылатын тапсырмаларды құрастырудан бастайды
- E) сабаққа қажетті құралдарды анықтаудан бастайды

11. Жеке адамға ықпал ететін факторлар

- A) Өзін өзі тәрбиелеу, белсенділік
- B) Еңбек, оқу, білім
- C) Ойын, іс әрекет, тәрбие
- D) Мектеп, орта, отбасы
- E) Тұқым қуалаушылық, орта, тәрбие

12. Жеке тәжірибенің дамуы, басқалар жасаған тәжірибені және ғылыми басылымдарды меңгеру, қателер мен сынақтар әдісі, эксперимент

- A) мектепті жаңарту жолдары
- B) тұлғаны тәрбиелеу әдістері
- C) ұжымдық әрекет түрлері
- D) мектеп пен отбасының ынтымақтастығы
- E) мектептің әдістемелік бірлестігі

13. Г. Эббингауз заңдылық ұғымы

- A) Еске сақталған ақпараттардың 60% алғашқы 1 сағаттың ішінде ұмытылады, ал 6 күннен кейін адамның есінде бастапқы есте сақталған ақпараттың 20% кемі қалады
- B) Адамның ішкі күй-жағдайы оның сыртқы келбетінде бейнеленеді, және керісінше, адамның сыртқы келбеті оның ішкі күй-жағдайына әсер етеді
- C) Берілген тапсырмалардың ішінде аяқталған іс-әрекеттер мен тапсырмаларға қарағанда аяқталмаған іс-әрекеттер мен тапсырмалар есте жақсы сақталады
- D) Адам туралы қалыптасқан алғашқы қабылдау әсері күшті болып келеді. Бұл эффект сол адам туралы келіп түскен кейінгі ақпараттарды қабылдамай, тарқатып, есте қалған алғашқы әсерін сақтап отырады
- E) Адам туылғаннан бастап есеюі кезеңінде қажеттіліктердің 7 сатысынан өтеді. Осы қажеттіліктерге байланысты ол адамның мотивтері анықталады

14. Педагогикалық іс-әрекеттің гуманистік қағидасы:

- A) тұлғаны мұғалім тәрбиелейді
- B) тұлғаны мұғалім жетелейді
- C) тұлғаны мұғалім оқытады
- D) тұлғаны тұлға тәрбиелейді
- E) тұлғаны тұлға оқытады

15. И.А. Зимняя бойынша сабақты психологиялық талдаудың кезеңдері

- A) ұйымдастыру, талдау
- B) анықтау, дамыту, түзету
- C) зерттеу, танымдық, шеберлік
- D) танымдық, шығармашылық
- E) шамалаушы, ағымдық, ретроспективтік

16. Өктемшілдік стильдің көрінісі болып табылатын қарым-қатынас стилінің түрі:

- A) топтық
- B) ұжымдық
- C) дистанция
- D) достық
- E) жолдастық

17. Мұғалімнің белгілі бір жағдайда неге дәл солай жасағанын түсінуіне көмектесетін үдеріс

- A) іс-әрекетке жетелейтін толғаныс
- B) іс-әрекеттен кейінгі толғаныс
- C) жоспарлаудағы толғаныс
- D) іс-әрекеттегі толғаныс
- E) іс-әрекетке дейінгі толғаныс

18. Білім алушы мұғалімнің басқаруынан тәуелсіз болатын типті жүйенің сипатын көрсетіңіз

- A) өзінің оқу үдерісін бақылауды үйреніп, шын қажет болған жағдайда ғана көмек сұрайды
- B) жұпта және топта жұмыс істеген кезде өз ара симметриялы іс-әрекетке түсе алады
- C) жұмыстың құндылығын айқындап, мақсатын, орындалу ұзақтығын, нәтижесін белгілейді
- D) тақырыпты игеру кезінде мұғалімнің айтқан нұсқаулығын бойынша орындап шыға алады
- E) құрдастарының көмегіне жүгіне отырып, оқуда қойылған міндеттерді бірлесіп шешеді

19. Ережелерді абсолютті және мызғымас деп қабылдайтын моральдік пайымдау кезеңі (Кохлберг)

- A) әлеуметтік тәртіпті қолдау
- B) тұлғааралық қатынастар
- C) әлеуметтік шарт, жеке құқықтар
- D) әмбебап қағидаттар
- E) тілалғыштық және жазалау

20. Оқу пирамидасына сәйкес оқушылардың алған ақпаратты есте сақтауының ең тиімсізін көрсетіңіз

- A) тәжірибе жасау
- B) дәріс
- C) талқылау
- D) өзгелерді оқыту
- E) көрсетілім

21. Жаттап алынған білімді анықтауға арналған сұрақ

- A) сынақтан өткізу
- B) жетелеуші
- C) төмен дәрежелі
- D) жоғары дәрежелі
- E) түрткі болу

22. Білу деңгейіндегі тапсырмаларға бағытталған сұрақ

- A) төмен дәрежелі
- B) сынақтан өткізу
- C) жоғары дәрежелі
- D) жетелеуші
- E) түрткі болу

23. Мұғалімнің оқытудың дамытушы теорияларын оқушыларға қатысты қолдану әдістерін түсіну туралы білімі

- A) пәндік
- B) психологиялы
- C) педагогикалы
- D) философиялы
- E) технологиялы

24. Компьютерлік технологияны пайдалана отырып, деректердің орналасқан жерін анықтау, түсіну, бағалау және құру қабілеті

- A) педагогикалық сауаттылы
- B) коммуникативтік сауаттылы
- C) ақпараттық сауаттылы
- D) функционалдық сауаттылы
- E) пәндік сауаттылы

25. Мерсердің айтуынша, ұжымдық түсіну мен білім беруге қол жету аясындағы табысты талқылауларда басымдыққа ие әңгіме түрін анықтаңыз

- A) зерттеушілік әңгіме
- B) құрылымды сұхбат
- C) кумулятивтік әңгіме
- D) әңгіме-дебат
- E) реттелген әңгіме

26. «Қара жәшік» ішіндегі жұмысты көрсетіңіз

- A) жаңа жағдайларға тез бейімделу
- B) оқушымен бірге критерийлерді талдау
- C) оқыту әдістерін оқушылармен таңдау
- D) нақты сандық ақпараттарды алу
- E) мүмкіндіктердің барлығын қарастыру

27. Бағалау мақсатында жүргізілген қадағалау нәтижелерінің интерпретациясы

- A) енгізілген өзгерістердің тиімділігін бағалау
- B) оқушының келесі даму бағытын айқындау
- C) қолданылған әдіс-тәсілдерді сипаттау
- D) алынған мәліметтердің мәнін анықтау
- E) оқытудың келесі кезеңдерін жоспарлау

28. Оқу үдерісінің қалай жүретінін басқалардан гөрі жақсы біліп, өздерінің оқуын реттей алатын ең үздік оқушыны анықтайтын сенімді өлшем (Фриман)

- A) ерте символдық белсенділік
- B) есте сақтау және білім
- C) өз білімін жетілдіру
- D) шоғырлану
- E) мәселені шешу

29. Сабақты зерттеудің алғашқы қадамын көрсетіңіз

- A) Топтың бір мүшесі зерттеу сабағын өткізеді
- B) Жұмысты бірлесе қайта жоспарлайды
- C) Нәтижені қамтамасыз ететін ережелер жүйесін құрады
- D) Барлық нәтижелерін жүйелейді және талдайды
- E) Бірлесіп егжей-тегжейлі жоспарлайды

30. Сабақты зерттеу (Lesson Study) үдерісінде топ мүшелері жоспарлаған зерттеу сабағын мұғалімдердің бірі жүргізеді. Осыдан кейінгі кезеңді көрсетіңіз

- A) Жоспарлауда қолдану үшін әдебиеттер нәтижелерін қорытуы
- B) Топтың жұмыс нәтижелігін қамтамасыз ететін ережелер жүйесін жасауы
- C) Топ мүшелерінің бақылауға алынатын оқушыларды анықтауы
- D) Топ мүшелерінің зерттеудің түйінді идеяларын өзара келісіп алуы
- E) Зерттеу сабағы туралы оқушылармен мұғалімдердің сұхбат жүргізуі

2-БЛОК бойынша тест аяқталды.